

АЛМАТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№37(47) 13 қыркүйек 2024 жыл

Жаңа мекеме ашылды

ШЕЛЕКТИҢ ҚАРТТАРЫ РИЗА

Таяуда ғана Шелек ауылдық округіне қарасты Жақсылық Үшкемпіров атындағы №3 спорт мектебінде Есік қаласындағы облыстық «Белсенді ұзақ өмір орталығы» Шелектегі филиалының ашылу салтанаты болып өтті. Шараға «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, ауылдағы спорт мектебінің өкілдері, аудандық, ауылдық ардагерлер ұйымдарының төрағалары, Есіктегі орталықтың және Шелектегі қарттардан құрылған бишілер топтары, ауыл тұрғындары, ақсақалдар мен ауыл жастары қатысты.

Шелектегі зейнеткерлерге есігін аяқара ашып отырған филиал да келешекте осы міндеттерді орындайтын болады деп күтілуде.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтарының негізгі басымдықтарының бірі – қарттардың денсаулығын сауықтыру арқылы нығайту.

Күн тәртібіндегі белгіленген шара ауданның Құрметті азаматы, Шелек ауылдық округінің ардагер ақсақалы Аяпбек Дәуітқұловтың батасымен басталды. Одан кейін сөз кезегі «Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Айгүл Ахметоваға берілді.

Ол осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы толыққанды ақпарат бере отырып, келешектегі міндеттерге тоқталды. Алматы облысы бойынша орталықтың филиалдары Шелектен басқа Қонаев қаласында, Жамбыл ауданы Мыңбаев ауылдық округінде жұмыстарын атқаруда екенін, қазан айында Ұйғыр, Кеген, Райымбек аудандарында, ал қараша айында Талғар, Іле, Балқаш, Қарасай аудандарында ашылуы жоспарлануда екенінен жиналған жұртшылықты хабардар етті.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Таяуда Алматы облысының әкімі Қонаев қаласындағы 85 отбасыға жаңа пәтер кілттерін табыстады

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев «Sun City» тұрғын үй кешенінде 85 отбасыға жаңа пәтер кілттерін табыс етті. Баспана 10 жылдан астам уақыт үй кезегінде тұрған отбасыларға берілді.



Пәтерлер қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан баспана сатып алу бағдарламасы шеңберінде табыс алды. Бұл пәтерлер «KazSMU» ЖШС жүзеге асырған 360 пәтерлі кешеннен сатып алынды. Шараға Алматы облысының әкімі Марат Елеусізұлы қатысып, тұрғындарды құттықтады.

«Қонаев қаласында баспана кезегінде 1834 адам тұр. Олардың арасында көпбалалы аналар, соғыс ардагерлері, жетім балалар және мүгедектер бар. Жыл соңына дейін 165 пәтерді Үкімет тарапынан беру жоспарланып отыр», - деді Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов.

Назначен новый заместитель акима Алматинской области

Новым заместителем акима Алматинской области Марата Султангазиева назначен Болат Куренбеков. Об этом сообщили в пресс-службе областного акимата, передает Tengrinews.kz.

«Распоряжением акима Алматинской области, по согласованию с Администрацией Президента Республики Казахстан, Болат Кайратович Куренбеков назначен на должность заместителя акима Алматинской области», - говорится в сообщении.

Болат Куренбеков родился в 1977 году. Окончил Академию КНБ по специальности «юриспруденция» (в 2000 году), Жетысуский университет имени И. Жансугурова по специальности «государственное и местное управление» (2019), Жетысуский университет имени И. Жансугурова по специальности «юриспруденция» (2021).

Трудовую деятельность начал в 2000 году в Павлодарском областном департаменте КНБ. В разные годы работал в департаменте КНБ РК по Павлодарской, Алматинской областям, Алматы, Астане, а также на руководящих должностях в центральном аппарате КНБ РК.

Алматыда самокатқа қатысты жаңа ереже енгізілмек

– Алматыда самокаттарды жалға беретін компаниялардың қызметін қатаң реттеу қажет. Бұл туралы Ерболат Досаев Алматы ауданы тұрғындарымен кездесуі барысында айтты, - деп хабарлайды KAZINFORM.



Аудан тұрғындарының бірі самокаттарға қатысты мәселені көтерді. Айтуынша, самокат үшін қабылданған ережелерге қарамастан, оларға қатысты оқиғалар тоқтар емес. Ал, полиция оны бақылай алмай жатыр.

«Заңнамаға алғашқы өзгерістер енгізілді, бірақ мен екінші өзгерістер пакетін Ішкі істер министрлігіне тапсырдым. Компания жұмысын реттеу керек. Олар өз жауапкершілігін түсінуі тиіс. Қалада механизм бар. Мәселен, самокатты көрінген жерде қалдырып кетуге болмайды. Бұған дейін адамдар жалға алу құны артатындықтан уақыт аяқталған кезде оны тастап кететін. Пайдаланушылар автотұраққа жеткізуі керек, содан кейін хаос болмайды. Жылдамдық шектеулері: GPS бойынша жалға беру қызметтері егер олар жылдамдықтың жоғарылағанын көрсе, олар самокатты автоматты түрде өшіре алады. Сондай-ақ тротуарларда жүрген самокатшыларды бақылауға мүмкіндік беретін навигация бар», - деді Досаев.



Мемлекет басшысы 2024 жылы 30 шілдедегі «Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекіту туралы» жарлығына қол қойған болатын. Оның негізгі мақсаты-осы кезеңге дейін денсаулығының жалпы деңгейін арттыру және орташа өмір сүру ұзақтығын 77 жасқа дейін жеткізу.

Белсенді ұзақ өмір орталығы-елімізде теңдесі жоқ бірегей жоба. Қазыналы қарттарға арналған «Белсенді ұзақ өмір орталығының» жұмысы-мемлекет басшысының тапсырмасы жергілікті жерде орындалып жатқанының бір көрінісі.

Орталық жұмысы қарт адамдарға денсаулықты қолдау бойынша көмек көрсетуге, қолайлы және кедергісіз орта құруға, оларды қоғамдық өмірге тартуға бағытталған. Онда қазыналы қарттар кез келген уақытта бас қосып, пікір бөлісе алады.

Орталыққа қарайтын бұл филиалдың да алға қойған айқын мақсаты-зейнеткерлік жастағы адамдарды физикалық және психикалық денсаулығының ұзақтығын арттыру үшін белсенді мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеуметтендіру.

Жобаның міндеті қол жетімді демалыс, белсенді ұзақ өмір сүру мәдениетін қалыптастыру, бірінші ақпараттық базаны қалыптастыру, қоғаммен байланыс және әлеуметтену болып табылады.

Жалпы Есік қаласындағы орталық құрылған күннен бері өз Жарғысын өзгертіп, облыстық статус алған болатын. Бір жылдан аса уақыт аралығында мұнда 472 қызмет алушы тіркеліп, қызмет алуда.

Егде жастағы азаматтардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында орталық ішінде қажеттілік картасы



құрылып, сонымен қатар аға буын азаматтарына арналған туристік маршруттары бекітіліп, бірнеше мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелермен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Орталық қызмет түрлеріне қарай тренажер залы, жүгіру жолы, жаттығуға арналған құралдар, гимнастикалық доптар, үстел теннисі, шахмат, тоғыз құмалақ ойнауға арналған құрал-жабдықтар, тигін машиналары, тоқыма жиынтықтары, массаж креслоларымен жабдықталған. Сонымен қатар қызмет алушылардың денсаулығын жақсарту және бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында караоке және кино көруге арналған бөлме, тағы басқа да қажеттіліктермен қамтамасыз етілген. Барлық қызмет тегін көрсетілетін орталыққа Еңбекшіқазақ ауданының зейнетке шыққан кез келген тұрғыны келе алады.

Одан кейін сөз алған «Белсенді ұзақ өмір орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры Жанниа Сақташева да атқарып жатқан тірліктерін айтып, жаңадан ашылған Шелек филиалы ұжымының ауыр да, абыройлы жолдарына сәттілік тіледі. Сөз сөйлеушілер арасында ардагерлерден құрылған Шелек пен Есіктегі орталықтың бишілер топтарының өнерлеріне де кезек беріліп отырылды.

Құттықтау сөз кезегін алған облыстың және ауданның Құрметті азаматы Елеусіз Сұлтанғазыұлы, ауданның ардагерлер кеңесінің төрағасы Тілеулес Ұзақов, Шелек ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбілбек Айтқынұлы Шелектегі жаңадан ашылған филиалдың қызмет алушыларына жеңістер, ал филиалдың ұжымына өркендеу мен табыс тіледі. Ауыл ардагерлердің игілігіне ашылған осындай мекеме үшін алғыстарын білдірді.

Дәстүр бойынша жаңадан ашылған мекеме кілті ұжым мүшелеріне және қызмет алушыларға табыс етілді. Кілтті табыстау құрметі Еңбекшіқазақ ауданының өкілі, ардагер ақсақал Шахмет Құсайыновқа сеніп тапсырылды. Артынан ауыл әжелері шашуларын шашып жатты. Бір сөзбен айтсақ, Шелек ауылының қарттары жаңадан ашылған мекемеге дән риза.

Уақыт талабына қарай ашылған жаңа мекеме ұжымы алдында үлкен міндеттер тұрғаны анық. Оны ол мекеменің ұжымы абыроймен атқарып, ауыл қарттарының алғыс сезімдеріне бөленеріне сенім мол. Ол-тек уақыттың еншісіндегі дүние.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.
Еңбекшіқазақ ауданы.



Ел анасы

ӘЙЕЛДІҢ БАҚЫТЫ АҚЫЛЫНА БАЙЛАНЫСТЫ

Ананың, әйелдің жылы сөзі, айтқан ақылы барлық адамзатқа керек. Бір кезде теледидардан «Әйел бақыты» деген хабарды көріп отырғанда жүргізуші қыз хабардың қонағы, атақты халық батыры Бауыржан атамның келіні Зейнеп Ахметовадан «әйелдер қалай бақытты ғұмыр кешеді?» деп сұрағанда Зейнеп апамыз «әйелдің» бақыты ақылға байланысты, әйел ақылды болса, бәрін женеді» деген еді.

Басына қандай қиындық кездесе де жасымаған, жақсылық көрсе, тасымаған әйелдер арамды бар. Солардың бірі – 70 жасқа келіп, біреуге ана, біреуге әже болған Ашимқызы Шаһризада. Шаһризада деген атты бүкіл жұрт біледі. Атақты араб әдебиетінің орта ғасырдағы классикалық шығармасындағы ақылды әйелдің атын иеленген, әжеміз, анамыз Шаһризадамен кездесу сағаты түсті. «Шура» деп бүкіл ел атайтын Шаһризадамен кездесіп, «мен сіз туралы газетке мақала жазайын» деп едім, «ой, керек емес» деп ат – тонын ала қашты. Еліміздің президенті Қ.К.Тоқаев жақындағы жолдауында «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деген еді.

Шаһризада Ашимқызы өз еңбегімен көзге түскен қадірлі, сыйлы адам.

Шах Шаһрирға мың бір түн қызықты әңгіме айтқан уәзірдің ақылды қызы Шаһризада сияқты «Шура» өзінің жүріп өткен, 70 жылдық өмірін дастан қып маған айтып берді.

Шаһризада Алматы облысы, Шелек ауданы, Қаратұрық ауылында дүниеге келген, есімін әкесі Ашим Арзиұлы қойған екен. Себебі, осы арабтың ақылды қызының, бүкіл әйел қауымын мың бір түн әңгіме айттып құтқарған Шаһризаданың ерлігі әкесін өте қатты сүйсіндірген. Орта мектепте оқып мектепті бітірген соң институтты оқып, еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған Шаһризада сол кездегі білімнің өте сапалы екенін еске алды. Он екі жыл мектепте істеген ісі мен іскерлігіне байланысты аудандық білім бөлімі «Улыбка» деген балалар комбинатына меңгеруші етіп тағайындаған, балалармен жұмыс істеудің қиын да қызық жерлерін еске ала отырып қызықты етіп әңгімелеп берді. Бүкіл бала бақша жабылып, еліміз тоқырауға түскенде аудандық кітапханада жұмыс істеген, одан кейін аудандық мәдениет үйінде бас маман ретінде талай істердің қасында болған, осы саланың дамуына үлес қосқан. 1999 жылдан 2003 жылға дейін аудандық

ішкі саясат бөлімінде бас маман болып, сол кезде талай жақсы адамдармен, әсіресе марқұм Жеңіс Тойшыбекұлымен қызметтес болғанын, жас та болса бас болған Қанат Әбілжанұлымен қандай істерді атқарғандарын есіне алып, ерекше атап өтті.

2003 – 2009 жылдар аралығында Шонжы ауылындағы мәдениет үйінің директоры болып істеген кездегі кездескен қиыншылықтарды мәдениет үйінде сол кезде үш – ақ адам жұмысты бастағанын, барлық жұмысты тазалықтан мәдениет үйінің іші – сыртын тазалауда ер адамдар болса да, Аликпен Нұржанның ерінбей еңбек еткенін айтып, қызықты естеліктермен бөлісті. Қазіргі кезде өнерімен ел – жұртқа құрметті боп жүрген «Жазерке» мен «Арзу» деп аталатын өнер ұжымына штаттар беріліп, қарқынды жұмыстар жүргізілген. Сол кездегі өткізілетін «ауданның облыстағы күндеріне» мәдениет саласындағы қызметкерлердің



қанша күш сарп еткенін талай таңба басқандай айтып берді.

2009 жылдан бастап зейнетке шыққанға дейін «Балбөбек» балабақшасында әдіскер боп істегенін, талай қызықты сәттерді, балалармен өткізген қуанышты күндерін есіне алып, күле отырып айтып өтті. Білімді, іскер адамдарды кез келген адам іздеп, тауып ала-



ды. Зейнетке шыққан соң жеке меншік балабақшаларда әдіскер болып істеп, қолынан келген әдістемелік істерді жастарға үйрете білген.

Ертегінің «Қызмет» деген тарауы бітті. Енді «Отбасы» деген жерден бастайық. Өз өмірін ертегідей қып әңгімелеп отырған бірінші хатшы Ашим Арзиеттің қызы жан

қарамас» деп ақын жырлағандай өмір өтеді ғой. Бірақ бауырлары қайтыс болғанда, су бетінде қалған қайықтай болғанын, әкесі Ашим мен анасы Тұрсынбүбіден айрылып, мәңгі сапарға аттанғанда далада қалғандай болғанын күрсіне еске алды.

Анасы Тұрсынбүбі хәдәміз өте ұқыпты, тазалыққа жаны құмар, ақ дастарқаны жаюлы, өте мықты әйел болған. Ол кісінің қолынан халқы әлі күнге сүйіспеншілікпен еске алатын республика басшысы, елдің сүйіктісі Димаш ағамыз, желтоқсанда қуғынға ұшыраған, елі үшін, жері үшін қызмет еткен Асанбай әкеміз, еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы дәм татқан.

Ертегі әлі аяқталған жоқ. Шаһризаданың өмірінде әлі таң атқанша айтатындар болады. Шаһризада – аяулы ана, үлгілі әже, «анасы қандай екен?» деген сұраққа мысал бола алатын жан, кез келген адамға үлгі бола біледі. Ана – халықтың абыройы мен ары, сол жол бастайтын желкен, шаңырақтың шамшырағы, намысы мен ертені. Баласын шырағым дейтін де, шуағын дейтін де ана. Ұрпағын байлығым дейтін де ана, баласы үшін жанын да қтатын ана. Ұрпағын өрбітіп, елдің жанына жылу сыйлап жүрген Шаһризада Ашимқызы арамдыда үлгілі әже, аяулы, ардақты ана боп жүре берсін!

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының ардагер
әжелер кеңесі төрайымы.

Есімі ел есінде

ТҰЛҒАСЫ БҮІК ДӘРІГЕР

Мәдиева Зағипа Мәдиқызы 1934 жылы Семей қаласында дүниеге келген. Тағдырдың тәлкегімен жастайынан жетім қалып, сіңлісі Рәзия екеуі туған қаласындағы жетімдер үйінде тәрбиеленіп, осы жерде мектеп бітірді. 1952 жылы Алматы қаласындағы мемлекеттік медициналық институтына оқуға түсіп, 1957 жылы оны ойдағыдай бітіріп шығады. Оқуды бітіре сала, сол жылдары Кеген ауданының орталығы болған Жалаңаш ауылына жолдамамен жіберіледі.

Акушер-гинеколог болып орналасқан жас маман иесі жұмысын асқан жауапкершілікпен бастайды. Алғашқыда аурухана жанынан әйелдер қаралатын және босанатын арнаулы бөлме ашады. Ауданға қарасты барлық шаруашылықты аралап, әйелдерді тізімге алып, олардың әрқайсысына картотека ашу, бақылау орнату сияқты жұмыстарды жүйелі түрде іске асырады. Атап айтар болсақ, ай сайын малшылар отбасын аралау, картотекасын жаңа мәліметтермен толықтыру, малшылар арасынан ерікті донорлар тобын ұйымдастыру, оларға лекциялар оқу.

Институт қабырғасынан алған білімімен шектеліп қалмай, Зағипа Мәдиқызы Алматы мен Мәскеуде мамандығын бір емес, бірнеше рет шыңдаған.

Отбасының өмірі жайында айтар болсақ, Зағипа Мәдиқызы сол ауылдың қазақ орта мектебінде алғашқы әскери дайындық мұғалімі Сәкен ағамызбен отбасын құрып, ұл-қызды болады.

Ол кісі жайлы сол кездегі «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Жетісу», «Коммунизм», «Медик» секілді басылымдарда мақалалар шығып отырды. Өз кезегінде, жастарға үл-



гі-өнеге және тәжірибесімен бөлісу мақсатында газет-журнал беттерінде мақалаларын жариялап отырды. «Адамдардың алғысы-басты байлық. Оларға неғұрлым көп берсең, соғұрлым бай боласың» дегендей, Зағипа Мәдиқызын Жалаңаш ауылында, тіпті бүкіл Кеген өңірінде білмейтін адам жоқ. Жас та, кәрі де Зағипа Мәдиқызына құрметпен қарап, көрген жерде жылы лебіздерін білдіріп жатады. Ел ол кісіні

«тәте» деп жақын тартып атап кеткен, себебі ол кісі-осы өңірде өмірге келген әрбір отбасы мүшелерінің өмірге келуіне септігін тигізген аса қадірлі тұлға.

Зағипа Мәдиқызының халық үшін еткен еңбегі елеусіз қалған жоқ. 1966 жылы Қазақ КСР Кеңестік министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, 1970 жылы «В.И.Ленинге 100 жыл», «Мерейтойлық», «Еңбек Ері» медальдарымен, 1971 жылы «Еңбек Қызыл ту» орденімен марапатталады. 1978 жылы «КСРО Халық дәрігері» атағы беріледі.

Аяулы ана, асыл жар, қаншама бала мен ананың өмірін аман сақтап, мамандығына адал қызмет еткен ақ халатты абзал жан Зағипа Мәдиқызы 2011 жылдың ақпан айында жетпіс жеті жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Зағипа Мәдиқызының құжаттары Алматы облысының мемлекеттік архивіне сый ретінде келіп түсті. Қазіргі таңда №757 корпсесі Мәдиева Зағипа Мәдиқызының 1957-1985 жылдар аралығын қамтитын 12 бірліктен тұратын ісі сақталуда.

Ж.БІРГЕБАЕВА,
«Ведомстволық архивтермен жұмыс жасау және жинақтау бөлімінің» архивісті.

ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

ЖАҢА АТАУ БЕРІЛДІ

Іле ауданында КазЦик және Комсомол ауылдарына жаңа атаулар берілді. Атап айтқанда КазЦик ауылына қазақ театр педагогикасының негізін қалаушы Асқар Токпановтың есімі берілді. Ал, Комсомол елді мекені бұдан былай Жайнақ деп аталатын болды.



Осының құрметіне КазЦик ауылдық округінде салтанатты жиын өтті. Бұл шараға ауыл тұрғындарымен қатар Қазақстанның ақын – жазушылары, танымал өнер қайраткерлері және Асқар Токпановтың туыстары қатысты.

Жиынды «Ардагерлер ұйымдары» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Сапарұлы ашып, маңызды шараны жүзеге асыруға белсене қатысқан азаматтарға алғысын білдірді. Аталмыш елді мекен тұрғындарының қуанышын бөліскен белгілі жазушы Марал Сқақбай халқымыздың тірегі ауыл екенін айта келіп, жұртшылықты жағымды жаңалықтарымен құттықтады.

Сөз кезегін алған Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Исаев Әмзе Әлдибекұлы елді мекенге ат беру үрдісі – адам өмірімен, тарихымен, саяси тірлігімен етене тығыз байланыста екенін атап өтті. Жиналған қауымды маңызды күнмен құттықтап, игілікті істерге ұйытқы болған Жаныс ұрпақтарына ризашылық білдірді.

Белгілі тұлғалардың құрметіне арналған мемориалды тақтаның ашылу рәсімі жасалды.

Өз тілшіміз.

Армандастар, құрдастар

ЧЕМПИОН ҚЫЗДАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ

Қасиетті Тәңіртаудың етегі, Райымбек баба мекені туған елінің абыройын асқақтатып, әлемге танытып жүрген, қыр асып барып, ел қоржынына олажа салып жүрген біртуар перзенттерінен кенде емес. Олардың Отанының, елінің, туған жерінің атын асқақтатудағы жарқын істері қалай мақтан етсе де орынды. Солардың қатарында Аспантау өлкесінің бір түлегі, былғары қолғап шебері Назым Қызайбайдай қыздарымыз да бар.

Биыл төрткүл дүниенің жүзден жүйрік шыққан саңлақ спортшылары Франция мемлекетінің астанасы Париж қаласында өткен XXIII жазғы олимпиадада бас түйістіріп, баптары мен бақтарын таластырғаны, шеберлік байқасқаны бәрімізге аян. Осынау төрт жылда бір рет өтетін әлемдік додаға Қазақстаннан да спортшылар қатысып, Тәуелсіз Отанының намысын қорғауға барынша қажыр-қайрат танытқаны белгілі. Нәтижесінде 1 алтын, 3 күміс, 3 қола медаль Қазақстанға жол тартты. Сөйтіп, туған еліміздің

Қызайбай осы жолы да дүбірлі доданың бел ортасынан ойып орын алды. Шаршы алаңда былғары қолғаптың бабын тауып, бағы жандырды. Сөйтіп, Отанына қола медаль сыйлады. Әрине, Назымның жеңісін қасиетті Тәңіртау етегінің ел-жұрты да өздерінің жеңісі ретінде қабылдап, бөріктерін аспанға ата, жүректері жарыла қуанғандары-ақиқат. Чемпион қыздарын орталарына шақырып, сый-құрметтің ерен үлгісін көрсетулері соның айқын дәлелі.

Өткен аптаның сенбісі күні



қолдау білдіре бірге келген осы өңірдің бірегей тумалары, қоғам қайраткерлерін, танымал спортшыларды аудан әкімдігінің алдында зор қошеметпен қарсы алды. «Жеңіс құтты болсын!», «Назымның Жеңісі – біздің Жеңісіміз!», «Ата мекеніңе қош келіңіз!» деген ақ тілектер ақ көгершін болып, Нарынқол аспанында қалықтады. Суырып салма ақындар жырдан шашу шашты. Назым Қызайбайдың ауданға келуіне арналған салтанатты жиында алғашқы сөз тізгінін ұстаған Райымбек ауданының әкімі Берік Дүйсенбаев:

- Ардақты ағайын! Қадірлі жерлестер! Шаршы алаңда былғары қолғапты ұршықша үйіріп, дүнижүзінің назарын өзіне аударған Назым қызымыз бүгін ортамызға келіп отыр. Әлемдік додадағы жеңісін жерлестерімен бөлісуге келген Назымның қадамына нұр жаусын дейміз! Ата-бабаң туған өлкеге қош келдің! Уақыт бөліп, қасиетті мекенге атбасын бұрып отырғаның мекендестерің үшін зор мәртебе. Осынау аспантау өңірінде өзіңнің жолыңды қуып, спорттың

бағын жандыруға бел буып жүрген бауырларың, іні-сіңлілерің жетіп артылады. Соларға елге шашқан өнегенді, жеңіс тұғырындағы жолыңды берсін! Әрдайым спорт деген сиқырлы өнерді бағындырып, абырой биігінен көріне бер! Еліңді, ақ пейіл жұртыңды қуаныштың бесігіне бөлей бер,- деген ақжарма тілегін жеткізді.

Келесі кезекте мінбеге көтерілген Токқожа Естенов, Тұрарбек Асановтай қоғам қайраткерлері, Жантелі Мұқи сияқты ардагер спортшы, Ермұрат Қайыпжанов сияқты кикбокс өнерінен әлем чемпионы, Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының Олимпиадалық спорт түрлері, спорттық резервтер және мемлекеттік қызметтер бөлімінің басшысы Нұрсұлтан Шәмшиев, Назымның жеке бапкері Долқунжан Камеков, Назымның әкесі Абай Қызайбайұлы ыстық ықыласқа толы ниет-тілектерін арнады. Нұрсұлтан Шәмшиев Алматы облысы әкімдігінің «Аймаққа еңбегі сіңгені үшін» деген медалімен марапаттады. Сарыжаздық зейне-

ткер ұстаз Тұрсынбай Исанбеков арнау өлеңін оқыды. Назымның өзі де сөз алып, мекендестерінің өзіне көрсетіп жатқан сый-құрметі үшін ризашылығын білдіріп, алғысын айтты. Өзімен ала келген 10 пар бокс қолғабы мен жаттығуға қажетті қорғаныш құралдарын спорт мектебіне сыйға тартты.

Бұл күнгі сыйлықтың ең үлкені де көп ұзамай жария болды. Жерлестері Назымға су жаңа «Lixiang L7» маркалы соңғы үлгідегі сүттей аппак автокөлік мінгізді. Темір тұлпардың кілтін қоғам қайраткері Тұрарбек Асанов көптің атынан зор құрметпен табыстады. Назымның әкесі Абай мен бапкері Долқунжанға да лайықты құрмет жасалынды. Зікірия, Тұрсынбай сияқты ақсақалдар екеуіне ер-тұрманы сай бір-бір ат мінгізді. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары кездесудің өн бойын әсем әнмен әрлеп, күміс күймен көркемдеді. Осылайша Тәңіртау етегінің халқы чемпион қыздарына құрмет көрсетті.

Жұмабек ТӨЛПҰЛЫ.
Райымбек ауданы.



мәртебесі тағы бір асқақтады. Осыған дейін спорт төресі-бокстан Қазақстанның 12, Орта Азияның 7, Әлемнің 2 дүркін чемпионы атанған Аспантау өлкесінің түлегі, «Құрмет» орденінің иегері Назым

Райымбек ауданының ақ тілеулі ел-жұрты, мекеме, құзырлы орын, қоғамдық ұйым өкілдері, ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар, мектеп оқушылары мен ұстаздар, спортшылар чемпион жерлестерін және

Отбасылық құндылық

ЕНЕ МЕН КЕЛІН

«Келін ененің топырағынан», «жақсы үйге түскен келін келін, жаман үйге түскен келін келсап», «келелі сөзді келін де айтады» деп нақылдаған дана қазақ келін мен ененің өз орнын әлдеқашан айғақтап берген. Сондықтан болар отбасындағы ең әлсіз әрі нәзік тұс – ене мен келін арасындағы қарым-қатынас. Екеуі де маңызды әрі қымбат тұлға: ене – отағасын дүниеге әкеліп, жеткізген жан, келін – еркектің аманаты, балалардың анасы. Үш тарап үшін де ең көркем амал – отбасындағы татулық пен мамыражайлықты ұстап тұру. Алайда, бүгінде бұл мүмкін бола бермейтін жағдайға айналып бара жатқаны ащы шындық.

Қазір қарап отырсақ, көптеген келіндер ата-енесімен тұрғысы келмейді. Олар көбіне еркіндікті қалайды. Ұйықтаймын десем де, қыдырамын десем де өз еркімде болса, күйеуімнен өзге адамға есеп бермесем деп армандайды. Келіндердің ойынша ата-ене мен бірге тұрудың жауапкершілігі көп. Күйеуінің әке-шешесімен бірге тұрғысы келмегендіктен жөнсіз жерден дау шығарып, үйдің шырқын бұзып жатады. Сондықтан болар «баламның отбасылық өмірі дұрыс болсын, олардың өміріне араласпайық», - деп ойлаған ата-аналар келін баласымен емес, жалғыз тұрғанды жөн көреді. Тіптен бүгінде ол қалыпты үрдіске айналды. Жасы келіп, денсаулықтары нашар болса да, қартайған ата-апалардың жалғыз тұрып жатқанын көзіміз көріп жүр. «Бала мен келін ұрсысып қалса да жүрегін



ауырады, келін ыдыс-аяқты қатты сыңғырлатса да өзінді кінәлі сезінесің. Соның бәрін көріп жүйкеңді тоздырғанша бөлек тұрған жөн. Әйтеуір шайымды қайнатып ішуге шамам жетеді, - дейді бір танысымыз мұнайып. Қарап отырсақ, келіннің кесірінен қаншама адамдар қарттар үйінде жүр. Бұл жерде тек келінді кінәлау дұрыс емес шығар. Көп нәрсе енеге де байланысты. Ене де, келін де бірін-бірі сыйлап, шаңырақтың шайқалмауын ойласа, енесі келініне білмегенін үйретіп, балалығын кешіріп, қызындай көрсе, өзінің көрегендігін көрсетеді. Келін де соған қарай, құрметін көрсетіп, отбасылық қарым-қатына-

сқа бей-жай еместігін аңғартып, енесіне түсіністікпен қарағаны жөн.

Негізінде, қазақтың дәстүрлі отбасында ене мен келін арасындағы қарым-қатынаста ешқандай қиындық болған емес. Ене мен келін институты ықылым замандардан ұрпақ сабақтастығы арқылы жетіп отырған. Бұл жерде біз отбасылық өмірді зерттеп жүрген тәжірибелі психологтың мына бір сөзін оқырманға жеткізгенді жөн көрдік

«Қазір ене мен келін арасында таптаурындар қалыптасып кеткен. «Кінә енене я келіннен деген әйелдер арасында қалыптасып бара жатқан таптаурындардан құтылу керек. Ата салтымызда келін мен ененің арасында ешқашан тақасу болмаған. Үлкен кішіге ізет көрсетіп, кіші үлкенді сыйлаған. Мінсіз адам жоқ, болмайды да. Сол мінсіз адамды іздейміз деп, бір күні қалай жалғыз қалғанымызды байқамай да қаламыз. Барымызды бағалап күміс келіндерімізді, алтындай бағалап тату болуға кеңес беремін», - дейді психолог Назым Ділтайқызы. Психологтың айтуынша, ене мен келін арасындағы түсінбеушілік олардың әлеуметтік білімсіздігінен, ішкі рухани мәдениетінің төмендігінен болады екен. Бұл да көрегендіктің бір бөлігі. Сондықтан ұлттық дәстүрімізден, сана-сезімімізден, ұлтымыздан ауытқымай, өсіп келе жатқан ұрпағымыздың бойына ұлттық тәрбие ұрығын себуіміз - басты міндет. Ал, сіздер не дейсіздер құрметті оқырман!...

Роза АЙДАРБЕКОВА

АЛАТАУ Ардагері
Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:
Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:
Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 3917
Тапсырыс №1578
Индексі – 65472.